

**«Ақтан Төлеубаев атындағы ЖОББМ » МКҚК әдістемелік кеңесі отырысының  
ХАТТАМАСЫ №1**

Катысқаны: директор, директордың орынбасарлары, бірлестік жетекшілері.

Катыспағаны: 0

**Күн тәртібі:**

1. 2021- 2022 оқу жылына әдістемелік кеңес жұмыс жоспарын бекіту;  
**С.Айкишева**
2. Жас мамандар мен тәлімгерлердің жұмыс жоспарын бекіту.  
**С.Досмагамбетова**
3. Аттестаттау комиссиясының құрамына өзгеріс енгізу және аттестаттаудан өтетін мұғалімдерге құжаттарын жинақтауға нұсқаулық беру;  
**С.Айкишева**
4. Бейіндік курстар мен факультативтік сабактардың жоспарын құрстыру  
**С.Досмагамбетова**
5. Әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру  
**С.Досмагамбетова**
6. «Дарын» ОФҚ құру және жетекшісін тағайындау.

**С.Айкишева**

**Т Ү Н Д А Л Д Ы:** Айкишева С.Б. – директордың оқу-тәрбие ісі орынбасары - күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша жана оқу жылындағы ғылыми- әдістемелік жұмыстардың мақсаты мен міндеттері туралы айтып өтті. Жаңа 2021-2022 оқу жылына әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспары талқыланды. Тақырыпты талқыладап, ұстаздар өз ойлары мен ұсыныстарын ортаға салып, ой бөлісті.

**Т Ү Н Д А Л Д Ы:** Ахметжанова Ү.Б.- математика пәнінің мұғалімі. жас маман ,химия пәнінің мұғалімі Ләкетқызы Махабатқа тәлімгер ретінде атқарылатын жұмыс жоспарымен таныстырып өтті.

**Т Ү Н Д А Л Д Ы:** Айкишева С.Б. – директордың оқу-тәрбие ісі орынбасары – мектепшілік аттестаттау комиссиясының құрамымен таныстырылды 2021 – 2022 оқу жылында өтетін ұстаздар тізімі таныстырылды және де қандай құжаттар дайындалуы керек екендігі жайлы айтылды. Аттестаттаудан өтуге өтініш берген мұғалімдер тізімі төмендегідей:

**Педагог- сарапшы:**

Биология пәні мұғалімі – Мамбетбаева А.И.  
Дене шынықтыру пәні мұғалімі – Шамбеков Қ.С.  
Даярлық тобы тәрбиешісі – Рахимжанова А.Ш.

## **Педагог-модератор:**

Даярлық тобы тәрбиешісі – Усеинова Р.К.

Технология пәні мұғалімі – Қылышбаев Д.Е.

Орыс тілі және әдебиеті пәні мұғалімі – Диханбаева С.А.

Дене шынықтыру пәні мұғалімі – Қылышбаев Е.Е.

Қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі – Сайлаубекова И.К.

Жалпы өтініш білдірген ұстаздар саны – 8, ол барлық педагогикалық ұжымның 22,2% құрайды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 сәуірдегі №152 және 2018 жылғы 29 маусымдағы №316 «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйімдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді атtestatтаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 сәуір № 512 бүйрекшінен өзгерістер енгізілді , деп бүйрекпен таныстырды. Жоғарыда көрсетілген бүйрек бойынша атtestatтау ережелерімен таныстырды. Бірінші кезеңінде тест сынағы болатындығын және соған дайындықты қүшетту қажеттілі туралы айтты. Тест нәтижесі бойынша өткен ұстаздарғана портфолио жинаитындығы жайлы айтып өтті.

**Т Ү Н Д А Л Д Ы:** Досмагамбетова С.А. - 2021-2022 оқу жылына ҚР жалпы білім беру үйімдарында ғылым негіздерін оқыту ерекшіліктері туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстырды.

**Т Ү Н Д А Л Д Ы:** Айкишева С.Б. – директордың оқу-тәрбие ісі орынбасары – оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының маңыздылының айта отыра мектепте ОФҚ жөнінде айтты. Жетекшілік етуге орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі-Диханбаева Сауле Амангельдиевна ұсынылды.

## **Шешімі:**

1. 2021- 2022 оқу жылының әдістемелік кеңес жұмыс жоспары бекітілсін;
2. Атtestatтаудан өтетін ұстаздар портфолиоларын жинақтап, тестілеуге дайындық жұмыстарын бастап қүшетсін;
3. Әдістемелік – нұсқау хатпен танысып, жүйелі жұмыс жүргізілсін:
4. «Дарын» ОФҚ құрылсын және жетекшісі С.А.Диханбаева тағайындалсын

**Жиналыс төрагасы:**

**Хатшы:**



**С.Т.Абдикаримова**

**А.Ж. Томашева**

**«Ақтөн Төлеубаев атындағы ЖОББМ » МКҚК әдістемелік кеңесі отырысының  
ХАТТАМАСЫ №2**

**Катысқандар:** мектеп директоры, директордың орынбасарлары, бірлестік жетекшілері.

**Катыспағандар:** 0

**Күн тәртібі**

1. Бақылау жұмыстарының қорытындысы.

**С.Досмагамбетова**

2. Баяндама: «Сабакта оқушы іс-әрекетінің мотивациясы және оны жүзеге асыру үшін жағдайлар жасау»

**З.Жұмбаева**

3. I- тоқсанда өтілген ашық сабактардың сапасы.

**А.Уткельбаева**

**Т Ү Н Д А Л Д Ы:** Досмагамбетова С.А. – директордың оқу ісі орынбасары - күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша қорытынды бақылау жұмыстары жайлы айтты. Тоқсандық бақылау жұмыстары тоқсан соңында пәндері бойынша өткізіледі Бақылау процесінде тарау бойынша бақылау нәтижелері есепке алынады. Оқушылардың тоқсан бойында алған теориялық білімдері анықталады.

**Т Ү Н Д А Л Д Ы:** Жұмбаева З.А. – бастауыш сынып мұғалімі, педагог-сарапшы - «Сабакта оқушы іс-әрекетінің мотивациясы және оны жүзеге асыру үшін жағдайлар жасау» тақырыбында баяндама оқыды. Баяндама мазмұнында сабак барысында оқушылардың пәнге деген қызығушылығын ояту мақсатында түрлі жағдайлар жасалуы қажет екендігі жайлы айтты. **Оқу мотивациясы** — бұл **оқу іс-әрекетін жүзеге асыруға** бағытталған күш-жігерді бастайтын, бағыттайтын және қолдайтын процесс. Бұл мотивациялардан, мақсаттардан, сәтсіздікке реакциялардан, **оқушының** табандылығы мен көзқарасынан қалыптасатын күрделі, жанжақты жүйе. Мұғалімнің мақсаты оқушыларды оқу, ойлау және сөйлеу мотивациясын дамыту. Сабакқа оқушыларды ынталандыру, табандылық танытуға, жалқаулықты жеңуге үйрету.

**Т Ү Н Д А Л Д Ы:** Уткельбаева А.М. – қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-сарапшы, қоғамдық – гуманитарлық ӘБ жетекшісі. 22 күркүйек – Қазақстан халқы тілдері мерекесі, осы орайда қазақ тілі және әдебиеті, орыс тілі және әдебиеті, ағылшын тілі пәндері мұғалімдері ашық сабактар өткізді. **Мақсаты:** Сабактарда оқытудың заманауи тәсілдерін қолдана отырып оқушылардың білім алуға қызығушылығын арттыру, ой-өрісі мен таным белсендерліктерін жан-жақты жетілдіру; шығармашылық қабілетін арттыру, өзге халықтардың тілі мен мәдениетін құрметтеуге үйрету. Құрылған сабактары жоспарға сый, мұғалімдер ашық сабактарында жаңа инновациялық технологиялардың әдіс – тәсілдерін тиімділігіне қарай шебер қолдана білді. Сабактардың құрылымы жүйелі құрылды. Сабактарға пән мұғалімдері, мектеп әкімшілігі катысып, талдау жасалып, баға беріліп отырды. Мұғалімдер сабак өткізудің түрлі формаларын практика жүзінде танытты.

## **ШЕШІМІ:**

1. Тоқсандық бақылау жұмыстарының қорытындысы тоқсан сайын орындалсын;
2. Сабак үстінде оқушыларды ынталандыру мақсатында жұмыс жүргізілсін;
3. Әр бірlestік мұғалімдері сабак барысында түрлі әдіс-тәсілдерді жұмыс барысында қолдансын.

**Жиналыс төрагасы:**

**Хатшы:**



**С.Т.Абдикаримова**

**А.Ж. Тоташева**

**«Ақтан Төлеубаев атындағы ЖОББМ » МҚҚК әдістемелік кеңесі отырысының  
ХАТТАМАСЫ №3**

**Қатысқандар:** мектеп директоры, директордың орынбасарлары, бірлестік жетекшілері.

**Қатыспағандар:** 0

**Күн тәртібі**

1. Педагогикалық іс –тәжірибелі тарату  
(аттестациядан өтетін мұғалімдердің шығармашылық есебі)  
**А.Мамбетбаева**
2. Мектепішілік және аудандық пәндер олимпиадасы мен 2- тоқсанда өтілген ашық  
сабактардың қорытындысы.  
**С.Айкишева**
3. ҰБТ-ге дайындау жоспарының орындалуы.  
**А.Уткельбаева**

**Т Ү Н Д А Л Д Ы:** А.Мамбетбаева – биология пәні мұғалімі, педагог-модератор. Оқушыларды оқытудағы мақсаты: балаларды берілген білімдермен сусындырып, қазіргі жаңа технологиялармен оқушының жас ерекшеліктеріне сай таңдап алғып, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру. Алға қойған міндеттер:

- мұғалім мен оқушының ынтымақтастығы;
- танымдық , шығармашылық қабілетті дамытуда әр түрлі әдіс-тәсілді тиімді пайдаланып, қызығушылығын арттыру;
- оқу мен жазу дағдысын дамытуда, өтілген әр ережені ой елегінен өткізіп, тиімді қолдана білуге дағылау;
- өткен мен өтпеген оқу материалын шебер байланыстырып, сұрақ қоя отыра проблемалық жағдаят туғызу:

Қазіргі педагогика теориясына елеулі өзгерістер еніп, білім беру жүйесінде жаңа технологиялар өмірге келуде. Осы педагогикалық технологияларды жете түсініп, оны менгеру мұғалімнің өзін- өзі дамытып, оқу- тәрбие үрдісін ұйымдастыруға көмектеседі. Соның ішінде 2016 жылдан бастап 7 модуль технологиясының негізін басшылыққа ала отыра қолданамын.

Бағдарлама жеті модульден тұрады:

1. Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер.
2. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету.
3. Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау.
4. Оқыту мен оқуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалану.
5. Талантты және дарынды балаларды оқыту.
- 6.Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу.
- 7.Оқытудағы басқару және көшбасшылық.

7 модуль технологиясы бойынша сабакта берілген тақырыпты алдымен жеке, содан кейін жұпта, ұжымда талқылатып жұмыс жасау керек. Бұл жағдайда әрбір оқушы бір сәт өзін мұғалім ретінде сезініп, окуға деген жауапкершілігі артады. Әр топқа берілген тақырыпты жеке оқып, содан кейін өзге топқа реттік нөмірлер бойынша топталып, өз тақырыптарын түсіндіреді. Бұл есте сактау, негізге алу, түсіндіруді арттырады, яғни жаңа ақпараттарымен бөліседі. Тақырыпты қаншалықты түсінгендерін флип чартқа түсіру арқылы жеткізеді.

«Зерттеушілік әңгіме» тақырып бойынша коучинг сабағын әріптестеріме өткіздім. Откізу мақсатым – алған білімдер мен іс-тәжірибемде қолданатын әдіс-тәсілдерімен, сабакқа кіріктіру жолдарымен таныстырудым. Жоспарланған оқыту мен оқу тәсілдері күтеге оқу нәтижелерімен байланыстырудым. Оқыту тәсілдері әріптестердің қажеттіліктеріне қарай сараланған. Таңдал алынған ресурстар оқытуда колдау үшін тиімді болды. Сабак барысында барлық әріптестерінді белсенді қатысуын көзdedім. Мұғалімдердің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін оқыту үдерісін түрлендіруге тырыстым.

**Т Ы Н Д А Л Д Ы:** Айкишева С.Б. – директордың оқу-тәрбие ісі орынбасары. 2021 – 2022 оқу жылының мектепішілік пән олимпиадасының бұйрығы мен жоспары бекітілді. Мектепішілік пән олимпиадасы қоғамдық-гуманитарлық пәндер және жаратылыстану – математикалық пәндері бойынша бөлініп екі күн өтті. Олимпиадаға 8 – 11 сынып оқушылары қатысты. Олимпиада тапсырмалары алдын ала дайындалып, олимпиада күні оқушыларға берілді. Олимпиада аяқталғаннан кейін пән бойынша хаттамалар жазылып, жалпы олимпиаданың қорытындысы шыгарылып, оқушылар мектепішілік бой түзеуде марараптаталды. Мектепішілік кезеңге 8 – 11 сынып оқушылары арасында 40 оқушы қатысып, аудандық кезеңге 23 оқушы пәндер бойынша жолдама алды.

Аудандық олимпиадаға қатысқан 23 оқушының 13-і жүлделі орын иегерлері атанды. Ол дегеніміз мектеп оқушылар ауданқы олимпиадада 57% білім сапасын көрсетті.

2021 – 2022 оқу жылының II тоқсанында бастауыш сынып ӘБ апталығы өтті. Апталық оқушылар жұмыс ұйымдастырудың рухани жаңғырту аясында ұйымдастырылып өз деңгейінде өткізілді.

**Мақсаты:**

- Оқушыларды бір ұжыммен жұмыс істеуге баулу;
- Білімдерін одан әрі жетілдіруге дамыту;
- Тарихи ұлы тұлғалардың ерліктерін насиҳаттау арқылы отансүйгіш болуға бағыттау.

Оқу үрдісін жетілдірумен қатар баланың шығармашылық , жас және жеке ерекшеліктерін ескере отыра, рухани –адамгершілік ,эмоционалдық және дене дамуын қамтамасыз ету керек. Сол себепті де бастауыш сынып мұғалімдері апталық жоспарын құра отырып келесі міндеттерді қойды:

-оқушының оқуға деген оң мотивациясын қалыптастыру;  
-сабак және сыныптан тыс шараларды қызықты өткізу формаларын қолдана отырып, барлық балаларды оқу және тәрбие үрдісіне тарту.

Апталық жоспары құрылып, бекітілді. Сонымен қатар барлық сыныптарда ашық сабактар өткізілді. Барлық өткізілген ашық сабактарда . тірбие сағаттарында бастауыш сынып оқушылары мен мұғалімдері белсене ат салысты. Апталықтың ашылу барысында көптеген іс- шаралар жүзеге асты. Әр мұғалім өзіне берілген жоспар негізінде жұмыс жүргізе отырып оқушыларды рухани байыта отырып жүргізді .

**Т Ы Н Д А Л Д Ы:** Уткельбаева А.М. – 11 «А» сынып жетекшісі. Ұлттық бірінчай тест – білім сапасының басты көрсеткіші. 11 сынып оқушыларың ҰБТға дайындау үшін оқу жылының басының бастап әр пәнге қосымша сабак кетсесі бекітілді. Қосымша сабак – ҰБТ ға дайындықтың тиімді жолы. Максаты: оқушыларды сапалы дайындаудын арқасында ҰБТ-ны жақсы тапсыруға ықпал ету. Күнделікті сабакқа қарағанда қосымша сабактағы жұмыс түрі басқа материалдармен және басқа жолмен жүзеге асады. 11 «А» сыныбында 3 оқушы бар, ұл бала: 2, қыз бала:1. Сыныптың білім сапасы мен оқу үлгерім жақсы. Оқушылар сабакты себепсіз босатпайды. Әрбір сынама тестілері алынғаннан кейін

оқушылардың жұмыстары тексеріліп, әр пән мұғалімі қатемен жұмыс жүргізіледі. Қатемен жұмыс жүргізу оқушыға жіберген қатесін нақтыладап, есте сақтауына көмектеседі.

### ШЕШІМІ:

1. Оқу жылы барысында ұстаздарға бір бірімен тәжірибе алмасу мақсатында педагогикалық іс-тәжірибелі тарату сағаттары ұйымдастырылып отырсын;
2. Оқушыларды пән аралық олимпиаданың облыстық кезеңіне дайындық жұмыстары өткізілсін;
3. ҰБТ-га дайындық жұмыстары кесте бойынша жүргізілсін.

Жиналыс төрагасы:

Хатшы:

С.Т.Абдикаримова

А.Ж. Тоташева

**«Ақтан Төлеубаев атындағы ЖОББМ » МКҚК әдістемелік кеңесі отырысының  
ХАТТАМАСЫ №4**

**Қатысқандар:** мектеп директоры, директордың орынбасарлары, бірлестік жетекшілері.

**Қатыспагандар:** 0

**Күн тәртібі**

2. 3- тоқсанда алғынған бақылау жұмыстары мен 3- тоқсанда өтілген ашық сабактар қорытындысы;

**С.Досмагамбетова**

2. Баяндама «Критериалды бағалау – сапалы оқу кепілі»;

**Y.Ахметжанова**

3. Электронды журналдың дұрыс толтырылуы және тоқсандық бағалардың дұрыс қоюларын тексеру;

**С.Досмагамбетова**

4. Оқушылардың ғылыми-жоба қорғауга дайындығы туралы мәлімет;

**С.Диханбаева**

5. Дарынды мен үлгерімі тәмен оқушылармен атқарылған жұмысының есебі;

**ӘБ жетекшілері**

6. Емтихан құжаттарын талқылау, бекіту;

**С.Досмагамбетова**

**Т Ү Н Д А Л Д Ы:** Досмагамбетова С.А. – директордың оқу ісі орынбасары - күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша III тоқсанда алғынған бақылау жұмыстары мен өтілген ашық сабактар жайлы сөйледі. III тоқсан көрсеткіші бойынша 60% -ды көрсетті.

III - тоқсанда сабак барысында әр түрлі әдіс тәсілдер қолданылды. Оның ішінде міға шабуыл, сын түргышынан ойлау, АКТ, жас ерекшелігін ескеру, талантты және дарынды оқушыларды оқыту, диалогты оқыту әдісі, топтық, жұптық және жеке жұмыс әдістері қолданылғаны жайлы айтты.

**Т Ү Н Д А Л Д Ы:** Ахметжанова Y.Б. – математика пәні мұғалімі, «Критериалды бағалау – сапалы оқу кепілі» тақырыбында баяндама оқыды. Баяндама мазмұнында критериалды бағалау- бұл оқушылардың білім мазмұны мен мақсаттарына сай, оқутанымдық құзіреттілігін қалыптастырудың нақты анықталған, ұжыммен қалыптастырылған, алдын- ала оқушылардың барлығына белгілі білім жетістіктерін бағалауға негізделген үдеріс.

**Критериалды бағалауды енгізуін мақсаты:** Мектепте оқыту сапасын жоғарлату.

Мектеп оқушылардың білімін халықаралық стандартқа сәйкестендіру

Критериалды бағалаудың міндеттері:

-Сабактың әр бөліктеріндегі әр оқушының дайындық деңгейін анықтау;

-Бағдарламаға сәйкес оқу мақсаттарын орындау қабілеті;

-Жеке оқушының даму жетістігін бақылау;

-Оқушының білім алу барысындағы қателіктері мен олқылықтарын айқындау;

-Әртүрлі жұмыс барысындағы алған өз бағасының әділдігіне көзін жеткізу;

-Оқу бағдарламасының тиімділігін саралау;

-Сабак үдерісі мен білімнің менгерілуі туралы окушы мен мұғалім және ата-ана арасындағы кері байланысты қамтамасыз ету.

Критериалды бағалаудың басты ерекшелігі: Алдын ала ұсынылған бағалау шкаласы; Анық, айқындылығы; Бағаның әділдігі; Өзін бағалауга мүмкіндіктің берілуі.

Критериалды бағалау жүйесінің мүмкіндіктері ; Оқу үрдісінің әрбір кезеңінде окушының дайындық деңгейін анықтау;

Оқу бағдарламасына сәйкес оқытудың мақсаты мен нәтижелерінің жетістіктерін окушылардың өздерінің талдауы;

Әрбір окушының жеке даму траекториясын бақылау;

Оқу бағдарламасын менгерудегі олқылықтарды жою үшін окушыларды ынталандыру;

Оқу бағдарламасының тиімділігін бақылау;

Оқу үрдісін ұйымдастырудың және оқу материалын менгерудің ерекшеліктерін анықтау үшін мұғалім, окушы және ата-ана арасында кері байланысты қамтамасыз ету.

Критериалды бағалау артықшылықтары:

Окушының жеке басы емес, тек қана жұмысы бағаланады;

Окушының жұмысын бағалау алдын –ала ұсынылған критерийлерге негізделеді.

Бағалау алгоритмі окушыларға алдын-ала белгілі;

Окушы нақты не мақсатта жұмыс істеп отырғанын біледі;

Окушыға өзінің білімділік деңгейі анық көрініп тұрады;

Критерий арқылы бағалау мұғалімнің окушы деңгейін анық біліп отыруына мүмкіндік береді;

Білім берудің сапасы артады.

Критериалды бағалау: Мұғалімдерге: Сапалы нәтиже алуды қамтамасыз ететін критерийлерді құрастыруға;

Өз жұмысын талдау және жоспарлау үшін ақпарат алуға;

Оқу үрдісінің сапасын жақсартуға;

Әрбір окушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, окушы үшін оқытудың жеке траекториясын алуға;

Бағалаудың әр түрлі тәсілдері мен құралдарын қолдануға;

Оқу бағдарламасының мазмұнын жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізуғе мүмкіндік береді

Окушыларға: Нәтижені талдау үшін бағалау критерийлерін білу және түсінуге;

Рефлексияға қатысу, яғни өзін және өз достарын бағалауға;

Нақты есептерді шешуде білімдерін қолдану, өз ойларын еркін жеткізе білуі, сын тұрғысынан ойлай білуге.

Ата- аналарға: Баласының білім деңгейлерін бақылай алуға;

Баласының оқу үрдісін бақылай алуға;

Баласына оқу үрдісі кезінде қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

Критериалды бағалау бүгінгі білім беру жүйесінде зор маңызға ие. Өйткені қазір окушылардың білімділігі ғана басты рөлде емес, басты рөлде окушының құзіреттілігін, оның жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту, қоршаған ортамен дұрыс қарым-қатынасу, өзін-өзі дамыту, өзіндік білімін көтеру сияқты мақсаттар қойылған. Критериалды бағалау бұл мақсаттар мен міндеттердің барлық талаптарына сай орайластырылған дегені жайлы айтты.

**Т Ү Н Д А Л Д Ы:** Досмағамбетова С.А. – директордың оқу ісі орынбасары - күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша электрондық журналды толтыру жайлы сөйлемді. Электронды журналды қолдану және журналды басып шығару бойынша әдістемелік нұсқаулықтар берілді. Күнделікті журналды толтыру жайлы мониторинг жүргізіліп,

ұстаздармен таныстырылатыны жайлы айтты. Бірлестік жетекшілеріне ұстаздардың электронды журналды толтырылуын күнделікті қатан қадағалауларын тапсырды.

**Т Ү Н Ҕ Д А Л Д Ы:** Сакенова Г.С. – Дағынды балалармен жұмыс тобынының жетекшісі күн тәртібіндегі сұрақ бойынша окушылардың дарындылығын арттыру бойынша ғылыми-жоба жұмысы жайлы сөйледі. Бұл мақсатты жүзеге асыру өсіресе оқу, білім саласында қызмет атқаратын жандар – ұстаздар үшін ең маңызды мәселе екенің атап етті. Жас жеткіншектердің арасынан талантты да дағынды, ерекше қабілетті балаларды таңдал алу, олармен тікелей жұмыс жүргізу – осы мәселенің бір шешімі болып табылатының айтты. Бірлестік жетекшілеріне, бірлестіктің жиналышын өткізгенде жаңа ғылыми – жобалар әдістемелік кеңесінің отырысында ұсынуын сұрады.

**Т Ү Н Ҕ Д А Л Д Ы:** Күн тәртібіндегі келесі маңызды сұрақ бойынша бірлестік жетекшілеріне сез берілді. Дағынды және үлгерімі тәмен окушылармен жұмысты қандай деңгейде жүргізіп жатқандығы жайлы жаратылыстану бірлестігінің жетекшісі Байтуганова М.М. сөйледі Жаратылыстану бірлестігінің ұстаздары дағынды окушылар және үлгерімі тәмен окушылар тізімін құрып, жұмыс түрлерін аңықтап, жеке жұмыс жасау кестесің құрғаны жайлы айтты. Жоспар бойынша жұмыс атқарылатындығы жайлы айтты.

**Т Ү Н Ҕ Д А Л Д Ы:** Досмағамбетова С.А. – директордың оқу ісі орынбасары - күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша, алдағы емтихан ережелері және кестесімен таныстырды.

#### Шешімі:

5. Окушылардың оқу деңгейін көтеру мақсатында пән мұғалімдері жұмыс жүйесін қүшейтсін;
6. Электронды журналды күнделікті толтырылуы директордың оқу ісі орынбасары С.Досмағамбетовамен қатан қадағалансын;
7. Бірлестік жетекшілері бірлестікпен отырыс өткізіп ғылыми-жоба жазу жұмысын күн тәртібіне енгізіп, назарға алсын;
8. Емтихан кестесі мен құжаттары бекітілсін:

Жиналыш төрагасы :  
Хатшы:

С.Т.Абдикаримова  
А.Ж. Тоташева

**«Ақтан Төлеубаев атындағы ЖОББМ » МКҚК әдістемелік кеңесі отырысының  
ХАТТАМАСЫ №5**

**Қатысқандар:** мектеп директоры, директордың орынбасарлары, бірлестік жетекшілері.

**Қатыспағандар:** 0

**Күн тәртібі**

3. Қорытынды бақылау жұмыстарының нәтижесі;

**С.Досмағамбетова**

2. Жас маман тәлімгерлерінің есебі;

**Y.Ахметжанова**

3. Әдістемелік бірлестіктер жетекшілерінің оқу жылындағы қорытынды есебі;

**A.Уткельбаева**

4. Тәрбие жұмыстарының жылдық диагностика мен мониторинг қорытындысы;

**A.Уралбекова**

**Т Ү Н Д А Л Д Ы:** Досмағамбетова С.А. – директордың оқу ісі орынбасары - күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша қорытынды бақылау жұмыстары жайлы айтты. Қорытынды бақылау барлық пәндер бойынша жыл аяғында өткізіледі. Бақылау процесінде тақырыптық және тарау бойынша бақылау нәтижелері есепке алынады. Оқушылардың жыл бойында алған теориялық және практикалық білімдері анықталады. Сондықтан қорытынды бақылаудың негізі емтихан және оқушылардың жылдық үлгерім бага көрсеткіштерімен, педагогикалық кеңес шешімімен қорытынды бағалар шығарылады. Бақылау әдістері арқылы оқушылардың жұмысының тиімділігі мен мазмұны туралы кері байланыс қамтамасыз етілетіндігі жайлы айтты.

**Т Ү Н Д А Л Д Ы:** Ахметжанова Y.Б. – жас мамандардың тәлімгері жас мамандармен атқараган жұмыстары жайлы есеп берді. 2021 -2022 оқу жылында мектебіміздің жас мамандары биология пәні мұғалімі – Азирхақызы А., химия пәні мұғалімі – Лөкетқызы М., жас мамандарын педагог жұмыстары және ережелерімен таныстырғандығы жайлы айтты. Жас маманның тәжірибесін жетілдіру мақсатында ашық сабактарға қатыстыруту, бірлесе отырып жаңа әдіс-тәсілдерді пайдаланып жоспар жасау, сабак жоспарына жаңа әдіс тәсілдерді қолдануға үйрету, жас мамандардың сабактарына қатысу, жас маманның жұмыстарындағы өзгерістерді көру, тәжірибелі талдау жұмыстарын ұйымдастырып өткізгендігі жайлы айтты.

**Т Ү Н Д А Л Д Ы:** Уткельбаева А.М. – қоғамдық – гуманитарлық бірлестігінің жетекшісі атқарайған жұмыстар жайлы есеп берді. Бірлестік жұмысының мақсаты:

- Мұғалімнің кәсіби шеберлігінің шындалып өсүіне , жан-жақты жетілуіне бағыт-бағдар беру, жағдай туғызу арқылы жаңа педагогикалық технологияларды енгізу.
- Жан - жақты дамыған, өзіндік танымдық дағдылары қалыптасқан, шығармашылық қабілетті жеке тұлғаның ауызша және жазбаша тілін дамыту бойынша жүргізілетін жұмыстың озық әдіс-тәсілдерін тиімді пайдалану.

- Оқушылардың ауызша тілін дамыту арқылы мемлекеттік тілде сөйлейтін орта қалыптастыру.

Қоғамдық – гуманитарлық пәндер бірлестігі құрамында 9 пән мұғалімі жұмыс атқарады. Апталық кезінде белсенді түрде ашық сабактар өткізеді, өзін-өзі жетілдіру жоспары бойынша жұмыс жасайды, біліктілігін арттыру курстарына барады.

Мектепішілік пән олипиадасында оқушылары жүлделі орындарды иеленеіп, аудандық пән олимпиадасында оқушылары жетістіктерін көрсетті.

**Т Ы Н Д А Л Д Ы:** Уралбекова А.Р. – директордың тәрбие ісі орынбасары күн тәртібіндегі сұрақ бойынша сөйлейді. Педагогтың тәрбиелік іс - әрекетіндегі басты мақсат – жеке тұлғаның өздіндік дамуына көмектесу, оның шығармашылық потенциалын жүзеге асыру, оқушының әлеуметтік – экономикалық мұқтаждықтары мен құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету, оқушыларды жеке даралыққа үйретіп, өз проблемаларын шешудегі белсенділіктерін арттыруға қажетті және жеткілікті жағдай жасауы жайлышты.

**Диагностика-** оқушының даму үрдісі мен нәтижесін талдау. Бұл дидактикалық процестің нәтижесін анықтау. «Диагностика» түсінігінің мәні «білім, ептілік және дағдыларды тексеру» түсінігімен салыстырғанда едәуір тереңдеу әрі кең. «Тексеру» нәтиженің тек көрсеткіштерін ғана аңғартады, не себептен болғаны жөнінде дерек бермейді. Ал диагностикалауда нәтиже өзіне қол жеткізген әдіс-тәсілдермен бірге қарастырылады, диагностикалық процестің бағдар-бағытын, ілгеріні не кері қозғалысы анықталады. Диагностика өз ішіне бақылау мен тексеруді, бағалау мен бағаны, жинақталған статистикалық деректер талдауын, дидактикалық процестің жүрісін, бағытын және жобалауын қамтиды. Психологиялық-педагогикалық диагностика- бұл оку тәрбие жұмысын оңтайландыру мақсатында оқушының жеке психологиялық мінездемесін зерттеуге бағытталған бағалау тәжірибесі. (психолог толтырады)



. Диагностикалаудың маңызды бөлігі бұл -қадағалау.

**Қадағалау-** білім, ептілік және дағдылықтың игеру процесіне бақылау қоюды аңғартады. Қадағалау тексерулерден тікелей құралады.

2021 – 2022 оқу жылын қарытындылай келе мектебіміз аудан қөлемінде I орында. . Түрлі қашықтықтан өткізілген мектепішілік, аудандық, облыстық сайыстарға оқушыларымыз жоғары белсенделек көрсетіп, жүлделі орындарға ие болды.

## ШЕШІМІ:

1. 2021-2022 оқу жылыңа жаңа мақсаттар қойылып, жұмыс жүйесі артылсын;
2. Жас мамандармен жұмыс жаңа оқу жыльына жаңа мақсаттар мен міндеттер қойылып, мүмкіндігі келгенше жас мамандар кәсіби шеберлігін мақсатында оқыту семинарларына қатыстырылсын;
3. Әр бірлестік мұғалімдері жұмыстарын арттыру мақсатында оқушылармен терен жұмыс жасасын:

Жиналыш төрагасы:  С.Т.Абдикаримова  
Хатшы:  А.Ж. Тоташева